ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Цифрлық теңгені енгізу туралы шешім қабылдау моделі

МАЗМҰНЫ

Қысқартулар	3
Қысқаша түйіндеме	4
Халықаралық жобаларға шолу	5
ЦТ-ні енгізу туралы шешім қабылдау моделі	10
Сипаттама	11
Талдау және күтілетін нәтижелер	15
Бағалау нәтижелерін түсіндіру	34
Қосымшалар	36
Әдебиеттер тізімі	62

ҚЫСҚАРТУЛАР

ХЕБ – Халықаралық есеп айырысу банкі

ШКОБ – Шығыс Кариб орталық банкі

ХВҚ – Халықаралық валюта қоры

Модель – Цифрлық теңгені енгізу туралы шешім қабылдау моделі

ҚРҰБ/ҚҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі/ Қазақстан Ұлттық Банкі

ССК – Сауда-сервистік кәсіпорындар

ОБ – Орталық банк(тер)

ОБЦВ – Орталық банктердің цифрлық валютасы(лары)

ЦТ – Цифрлық теңге

ТҚТДО – Төлем және қаржылық технологияларды дамыту орталығы

DeFi – decentralized finance, орталықтандырылмаған қаржы

DSGE – dynamic stochastic general equilibrium, жалпы тепе-теңдіктің динамикалық стохастикалық моделі

MVP – minimum viable product, минималды өміршең өнім

ҚЫСҚАША ТҮЙІНДЕМЕ

2021 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қаржы нарығының қатысушылармен, сарапшылар қоғамдастығымен және халықаралық әріптестермен тығыз ынтымақтастықта ұлттық цифрлық валютаны енгізу қажеттілігі туралы мәселені зерделеп келеді.

Өткен жылы ЦТ тұжырымдамасының жұмыс істеу қабілетін эксперимент арқылы растау мақсатында ЦТ платформасының прототипі әзірленді, оның технологиялық іске асырылу мүмкіндігі дәлелденді. Сонымен бірге, ЦТ-нің экономикаға, қаржылық тұрақтылыққа және ақша-кредит саясатына әсерін бағалаудың бастапқы моделі әзірленді, сондай-ақ реттеудің ықтимал тәсілдері айқындалды. Өткен жылғы зерттеу нәтижелері тиісті баяндамада қол жетімді .

Ұлттық цифрлық валютаны енгізу республикадағы іскерлік айналымның барлық қатысушыларына, сондай-ақ төлем экожүйесіне, қаржылық тұрақтылыққа және жалпы экономикаға елеулі әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, орталық банктердің осы тақырыпқа деген жоғары қызығушылығына қарамастан, ОБЦВ-н мемлекет деңгейінде енгізу тек үш юрисдикцияда ғана жүзеге асырылды. Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, 2022 жылы Ұлттық Банкі ЦТ-ні енгізу мүмкіндігінің пайдасы мен шығындарын кешенді зерттеуді жалғастырды.

Осы құжатта Қазақстан Республикасы орталық банкінің цифрлық валютасын енгізу туралы шешім қабылдау моделі (бұдан әрі – Модель) ұсынылған. Модельді әзірлеу кезінде халықаралық ұйымдар (Халықаралық Валюта Қоры, Дүниежүзілік экономикалық форум) ұсынған құралдар және шетелдік реттеушілердің тәсілдері ескерілді.

Ұсынылып отырған Модель халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына негізделеді, бірақ қазақстандық жобаның ерекшелігін де ескереді. Модель құрылымында сұрақтар инновациялық жобаларды бағалаудың әр түрлі құралдарын қолдана отырып зерттеледі.

Модель нәтижелерін түсіндіру зерттеу қорытындысын жан-жақты бағалауға негізделеді. Объективті талдау мақсатында нәтижелерді түсіндіруге тәуелсіз халықаралық сарапшылар, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдарының қызметкерлері қатарынан ЦТ жобасының Консультативтік кеңесінің қатысушылары шақырылды.

2022 жылдың соңына дейін технологиялық бағалауды, экономикалық модельдеуді, экожүйені реттеу және дамыту мәселелерін пысықтауды қоса алғанда, Модельдің бағалау көрсеткіштерін алу үшін бірқатар зерттеу жұмыстары жоспарланған.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОБАЛАРҒА ШОЛУ

Қазіргі уақытта кемінде үш орталық банк ұлттық цифрлық валютаны толыққанды төлем құралы ретінде енгізді, 70-тен астамы ОБЦВ-н зерттеумен және енгізуімен айналысады [1]. Бұл жобалардың барлығы бір-бірінен бірқатар параметрлермен ерекшеленеді, нәтижесінде олар шешім қабылдау стратегиясына және іске асырудың болжамды тәсілдеріне әсер етеді. Әр түрлі орталық банктердің алдына қойған мақсаттары мен міндеттері ең маңызды айырмашылықтардың бірі болып табылады. 2021 жылғы ХЕБ пікіртерімінің деректері бойынша, ОБ ынталандыруы **ОБЦВ-н енгізетін ел экономикасының даму деңгейінің типіне** (көтерме немесе бөлшек) және **цифрлық валютаны енгізу сатысына** байланысты болады [2]. Сонымен қатар, әр түрлі ОБ-де **ОБЦВ-ның әр түрлі компоненттерін енгізудің жоспарланған мерзімі** мен **басымдылығы** ерекшеленеді. Бұл айырмашылықтар төменде егжей-тегжейлі талқыланатын болады.

Зерделенетін ОБЦВ-ның типі және ел экономикасының даму деңгейі

ХЕБ сауалнамасының деректері бойынша, дамыған елдерде бөлшек цифрлық валюталарды енгізу кезіндегі ОБ-тің негізгі мақсаттары ішкі төлем жүйелерінің тиімділігін, төлемдердің қауіпсіздігін және қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл ретте дамушы елдер ОБЦВ-ның осындай түрінен қаржылық инклюзивтілік деңгейін жоғарылату және ақша-кредит саясатының жаңа тетіктерін енгізу мүмкіндігін көреді. Алайда олар ел ішіндегі төлем жүйелерінің тиімділігін арттыруға мүдделі болып отыр. Көтерме цифрлық валюталар ұқсас сипаттамаларға ие, бірақ бұл жағдайда дамыған және дамушы елдер трансшекаралық төлемдерді жақсартуға деген жоғары қызығушылықты көрсетеді. Әр түрлі юрисдикциялардағы зерттелетін цифрлық валюта түрі мен ОБ-дің мотивациясының өзара байланысы туралы толығырақ ақпаратты 1-қосымшадан табуға болады.

Цифрлық валютаны енгізу сатысы

ХЕБ деректері сонымен қатар цифрлық валютаны енгізудің әр түрлі кезеңдерінде ОБ өз назарын әр түрлі мақсаттарға аударатындығын дәлелдеп отыр. Атап айтқанда, пилоттық сатыға жеткен жобалар, ең алдымен, қауіпсіздік пен істен шығуға төзімділіктің қажетті деңгейін қамтамасыз етуге бағдарланады, ал әлі де болса алдын ала зерттеу сатысында тұрған жобаларда трансшекаралық та, ел ішіндегі де төлемдерді тиімді жүргізуге көбірек көңіл бөлінеді. Енгізу сатысының мақсаттарға әсері туралы толық ақпарат 1-қосымшада берілген.

Зерделеу және енгізу мерзімдері

ОБЦВ-н зерделеу мен енгізудің жоспарланған және нақты мерзімдері тағы бір маңызды айырмашылық болып табылады. Мұндай айырмашылықтың ең көрнекті мысалдарына Швеция мен Нигерия Орталық банкінің тәсілдері жатады. Мысалы, Нигерияның цифрлық валютасы е-найрды әзірлеу 2017 жылы басталды, ал 2021 жылы ол төлем құралы ретінде ресми түрде іске қосылды [3]. Қазіргі уақытта Нигерияның цифрлық валютасының көмегімен жасалған қаражаттың жалпы айналымы 190 миллион найрдан асты [4]. Әзірлеудің осындай салыстырмалы түрде қысқа мерзімін идеядан пилоттық жобаға дейін және екі жыл ішінде іске асырылған Багам аралдарындағы SandDollar-дан да байқауға болады [5].

Швед ОБЦВ-ның е-кронасын енгізу әлеуетін зерттеу бойынша алғашқы жұмыстар 2017 жылы басталды. 2020 жылы қажетті техникалық платформаны құруға бағытталған пилоттық жоба жүзеге асырылды, бірақ е-кронамен жұмыс (оның ішінде цифрлық валютаны енгізудің орындылығы туралы зерттеулер) әлі де жалғасуда [6]. Жобаның ресми аяқталу күні, сондай-ақ оны іске асыру туралы соңғы шешім әлі жарияланған жоқ. Осыған ұқсас жағдай 2014 жылдан бері зерттеліп келе жатқан, бірақ әлі күнге дейін айналысқа шығарылмаған Қытай Халық Республикасының цифрлық валютасы жағдайында да байқалады [7].

ОБЦВ-ның әр түрлі компоненттерінің басымдылықтарын белгілеу

ОБЦВ-н іске асырудың әр түрлі құрамдас бөліктеріне назар аудару – цифрлық валюталардың кейбір жобаларын басқаларынан ажырататын тағы бір факторы болып табылады. Жоғарыда аталған е-кронаның жобасы іргелі зерттеуді ескере отырып жасалған және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ әр түрлі технологиялық платформалардың жұмысқа қабілеттілігін тексеруге баса назар аударады [6]. Нигериялық ОБ жобаны жүзеге асырудың біршама қысқа мерзіміне байланысты бастапқыда әрі қарай жұмыс істеу үшін тиісті нормативтік-құқықтық базаны құра отырып, қажетті технологиялық платформаны жобалауға және орналастыруға назар аударды [3]. Кейбір ОБ де экономикалық аспектілерді зерттейді. Мысалы, Канада Банкінің, Нидерланд банкінің, Ресей Банкінің және Англия Банкінің сарапшылары микро- және макроэкономикалық зерттеулерді қамтитын ОБЦВ-сы бойынша көптеген зерттеулер жүргізеді [8-11].

Жоғарыда аталған барлық факторлардың жиынтығы **ОБЦВ-н енгізудің орындылығы туралы шешім қабылдау үшін әмбебап құрал жасаудың түбегейлі түрде мүмкін еместігін көрсетеді**. Мұның дәлелін тәжірибесі қазақстандық ЦТ моделін құру кезінде пайдаланылған Нигерияда, Багам аралдарында және Шығыс Кариб мемлекеттерінде іске қосылған цифрлық валюталарды егжей-тегжейлі қарау кезінде де көруге болады.

Нигерия

Жоғарыда аталған е-найра жобасы «...үй шаруашылықтары мен бизнеске орнықты, инновациялық, инклюзивті және бәсекеге қабілетті төлем жүйесінің көмегімен пайда алуға мүмкіндік беретін жылдам, тиімді және сенімді төлемдерге қол жеткізуді қамтамасыз ету» мақсатымен іске қосылды.

Жоба тұжырымдамалық дизайн кезеңінен бастап жұмыс сервисіне дейін бар болғаны 4 жыл ішінде жасалды, бірақ осы уақытқа дейін белгілі бір негізгі функцияларды енгізу жалғасуда. Мысалы, смарт-келісімшарттар, RTGS және оффлайн төлемдер арқылы көтерме транзакциялар әлі іске асырылған жоқ [3].

Мұндай тәсілді COVID-19 пандемиясы жағдайында қаржылық инклюзивтілік деңгейін жедел арттыруды және мемлекеттік төлемдер жүйесін жедел орналастыруды басым бағыттар ретінде таңдау арқылы түсіндіруге болады [3].

Багам аралдары

2020 жылғы қазанда SandDollar пилоттық жобадан сәтті шығып, ресми іске қосылған әлемдегі алғашқы цифрлық валюта болды [5]. Бұл ОБЦВ-н шығарылғаннан кейін Багам аралдарының барлық азаматтары үшін қолжетімді болды, бірақ коммерциялық банк жүйесімен ықпалдасу біртіндеп жүзеге асырылып, әлі де жалғасуда.

Багам аралдары ОБ-нің жобасы туралы мәлімдемесінде ол «бір уақытта цифрлық валютаның жаңа қағидаларын әзірлеуге және тұтынушыларды, әсіресе деректерді қорғау стандарттарына қатысты қорғауды күшейтуге ықпал ететінін» атап өтті [5]. Екі жыл ішінде тұжырымдамалық дизайн, пилоттық жоба және айналысқа шығару сатысынан өткен SandDollar ОБЦВ-н ең жылдам енгізілу мысалы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Шығыс кариб елдері

Антигуа мен Барбуда, Доминика, Гренада, Монтсеррат, Сент-Китс және Невис, Сент-Люсия, Сент-Винсент және Гренадин Шығыс Кариб мемлекеттерінің ұйымына кіреді және Сент-Китс аралында бірыңғай ОБ (Шығыс Кариб ОБ, ШКОБ) шығаратын бірыңғай валютаға ие. Нигерия жағдайындағыдай, Шығыс Кариб елдерінде ОБЦВ-н енгізу жобасы сәтті іске қосылды деп саналады.

2021 жылғы наурызда басталған Dcash пилоттық режимде 12 ай жұмыс істеуге бағытталған [12]. ШКОБ-нің алғашқы мәлімдемелеріне сүйене отырып, жоба 4000 соңғы пайдаланушылар мен 35 сауда-сервистік кәсіпорындарға қол жеткізген жағдайда сәтті болып саналар еді, бірақ қалыптасқан жағдайларға байланысты бұл жоспарға түзетулер енгізілді. COVID-19 пандемиясы онлайн-сауда сервистерінің танымалдылығының күрт өсуін туындатты және халықтың Dcash-ке қызығушылығының артуына әкелді. 2021 жылы Сент-Винсент пен Гренадинде болған жанартау атқылауы ШКОБ-ті тағы бір төлем тетігіне қол жетімділік ұсыну арқылы тезірек қалпына келтіру үшін зардап шеккен аудандағы пилоттық жобаны жылдамдатуға итермеледі. Қазір ШКОБ-нің басты назарында банктермен және бизнеспен өзара іс-қимылды кеңейту мәселесі тұр [13].

Цифрлық валютасын ел ауқымында сәтті енгізген ОБ-дің мысалдарымен қатар, ұзақ уақыт бойы ОБЦВ-н енгізу мәселесін зерделеумен айналысатын, бірақ әлі түпкілікті шешімге келмеген елдердің мысалдарына назар аудару маңызды. Қытай мен Ресей – осындай тәсілдің барынша көрнекті мысалы (қосымша – 1).

Осы елдер мен ОБЦВ-н енгізіліп қойған елдердің тәжірибесін талдау цифрлық валютаны әзірлеу мен енгізуге әр түрлі факторлардың әсері туралы жоғарыда сипатталған тезистерді растайды, сондай-ақ мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- ОБЦВ бойынша одан әрі жұмыс істеу туралы шешім қабылдау **ОБ қойған бастапқы мақсаттар мен міндеттерге** байланысты, ал олар өз кезегінде **енгізілетін ОБЦВ түріне, ел экономикасының даму деңгейіне және енгізу/зерделеу сатысына** байланысты болады. Шешім қабылдау процесіне әсер ететін маңыздылығы төмен емес факторлар – **ОБЦВ-н зерделеу және енгізу мерзімі, сондай-ақ цифрлық валютаны сатудың қандай да бір құрамдас бөліктерін** басымдықты ретінде таңдау.
- Цифрлық валютаның ең жарқын және табысты жобалары **бастапқыда қандай да бір іргелі мақсатқа ие болды**, ол мақсатқа эксперименттер мен пилоттық жобалар барысында белгілі бір дәрежеде қол жеткізіліп, содан кейін басқа аспектілерге (Швеция) назар аударылды не **қарапайым KPI-дан** (мысалы, соңғы пайдаланушылар саны) туындады, бірақ одан кейінгі жұмыс барысында бұл көрсеткіштер сыртқы факторлардың әсерінен **қайта қаралды** (Шығыс Кариб бассейні елдері).
- Уәждемелік факторлардың айырмашылығы, іске асыру мерзімдерінде және бөлінген ресурстардың көп таралуы, сондай-ақ әр түрлі ОБ-дің ерекшеленетін тәсілдері мен стратегиялары **шешім қабылдау үшін бірыңғай ортақ модельді құруға мүмкіндік бермейді.**

ЦТ-НІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МОДЕЛІ

Халықаралық тәжірибені, ХВҚ, ДЭФ құралдарын (қосымша – 2) және ОБЦВ-ның саласындағы басқа да зерттеулерді шолуды ескере отырып, Қазақстан Республикасында ұлттық цифрлық валютасын енгізу қажеттілігі туралы шешім қабылдау моделі әзірленді.

3.1 Сипаттама

ХВҚ мен ДЭФ ұсынылатын құралдары зерттеуді бастау үшін қолайлы тұжырымдамалар болып табылады, бірақ олар ОБЦВ-ның дизайнын қалыптастыру үшін шеңберлер мен базалық өлшемшарттарды, сондай-ақ әрбір ел үшін ОБЦВ-н қолданылуын бағалау параметрлерін айқындамайды (қосымша – 3). Осыны ескере отырып, ұсынылған ЦТ-ні енгізудің орындылығы туралы модельге халықаралық ұйымдардың ұсынымдары ғана енгізіліп қана қоймай, сонымен қатар қазақстандық жобаның ерекшелігін ескеретін өзіндік мынадай параметрлер де айқындалған:

1. Модельдің құрылымы ДЭФ және ХВҚ құралдарынан ерекшеленеді;
2. ЦТ-нің дизайнын айқындау өлшемшарттары ЦТ-ні ҚР-да енгізуі табысты болу факторларын ескереді;
3. Модельде ЦТ-мен қолданылуын бағалау құралдары нақтыланады;
4. Аспектілерді зерттеудің қатаң кезеңділігі жоқ, мәселелерді қатар талдау мүмкін;
5. Модель статикалық болып табылмайды, қандай да бір аспектілерді қайта қарау мүмкін;
6. Талдау бағыттары әр түрлі аспектілерді кешенді бағалауды қамтиды

1. Модель құрылымы

Модельдің құрылымы ДЭФ мен ХВҚ құралдарынан ерекшеленеді және талдау мәселелері мен өлшемшарттарын логикалық түрде 4 деңгейге топтастырады:

- ЦТ-нің дизайнын айқындайтын негізгі параметрлер;
- сәулет және экономикалық мәселелерді ескере отырып, ЦТ-нің дизайнын айқындау;
- таңдалған ЦТ-нің дизайнының қолданылуын бағалау;
- тұжырымдамалық операциялық және реттеуші модельдерді талдау.

2. Дизайнды айқындау өлшемшарттары

Егер ХВҚ мен ДЭФ бастапқы кезеңде дизайнның негізгі өлшемшарттарын анықтау үшін ОБЦВ-н енгізу мақсатын қарастырса, онда Модельге дизайнды қалыптастыру үшін ОБЦВ-н енгізудің халықаралық қағидаттары мен ҚР-ның жергілікті қағидаттарын ескере отырып, енгізудің табыстылық өлшемшарттары қосылған. ХВҚ мен ДЭФ-ға қарағанда, экожүйені дамыту мәселелері цифрлық валюта жүйесінің дизайнынан және басқаруынан бөлек ЦТ-ні енгізудің табысты өлшемшарттары ретінде қарастырылады.

Осы аспектіні Модельдің толыққанды бөлімі ретінде енгізу себебі ДЭФ және ХВҚ әдіснамаларында ОБЦВ-н енгізу мәселесін неғұрлым біржақты қарастырудан тұрады. ХВҚ ОБЦВ-ның дизайны мәселесі шеңберінде түпкілікті пайдаланушылардың

мүдделеріне назар аударады, ал ДЭФ мүдделі тараптардың пікірлерін ескере отырып, бірлесіп әзірлеуден бастап шығаруға дейін жүргізілетін басқаруға (governance) көбірек назар аударады. Алайда біріншілері де, екіншілері де экожүйені дамыту мәселесін толық көлемде қозғамайды.

Мәселен, Эквадордың тәжірибесі технологияның өздігімен валютаның кең таралуын қамтамасыз етпейтінін көрсетті [27]. Экожүйеге қатысушылардың қолдауы мен қызығушылығы ОБЦВ-н дамуының табысты болуында шешуші мәні зор, өйткені бағдарламаны тоқтата тұру себептерінің бірі пайдаланушылардың валютаның жаңа мүмкіндіктерін түсінбеуі, сондай-ақ банк секторы мен ОБ-нің мүдделерінің айырмашылығы болды.

ХВҚ және ДЭФ құралдары ОБЦВ-ның дизайнының аспектілерін нақты шарттарға байланыстырмай сипаттаса, Модельде олардың барлық аспектілері ескеріледі, сондай-ақ ҚР-дағы бизнес-талаптарды ескере отырып, ЦТ-нің дизайнының негізгі параметрлері таңдап алынады.

3. ЦТ-нің қолданылуын бағалау құралдары

ЦТ-нің дизайнының қолданылуын бағалау пилоттағы эксперименттік бағалау, экономикалық модельдеу, нарықпен талқылаулар сериясы, басқа жобалардың нәтижелері және т.б. инновациялық жобаларды талдаудың әр түрлі құралдарын қолдана отырып іске асырылады.

Цифрлық валюталар баламасы жоқ жаңа құралдар болып табылады

Жаңа құралдардың қосымша әсерлерін ескеретін тікелей пайда мен шығынды бағалаудың дәстүрлі әдістері жаһандық пайдалану деңгейінің көлемі, әлеуетті желілік әсерлері және түрлі факторлар белгісіздігінің ұзақ уақыттық ауқымы бар осындай жаңа төлем құралдарын бағалауға жарамайды. Сондай-ақ инновациялық жобаларды бағалау әдістерінің жіктемесіне сәйкес пайда мен шығынды бағалаудың дәстүрлі әдісі экономикалық аспектілерді бағалау үшін ғана қолданылатынын, ал Модельде технологиялық және реттеуші мәселелер де есепке алынатынын ескеру қажет.

Осыған байланысты зерттеу кезеңінде инновацияларды бағалау кезінде тек болжамды көрсеткіштер жасауға, алынатын пайда мен шығын туралы қорытынды дайындауға болады. ЦТ-нің әрбір аспектісін талдау нәтижелерін бағалау мақсатында әр түрлі сандық және сапалық көрсеткіштер әзірленді, олар пайда мен шығынды болжауға, зерттеуді жалғастыру қажеттілігі туралы шешім қабылдауға көмектеседі.

Құралдар комбинациясы

Инновациялық жобаларды бағалау құралдарын талдау негізінде, эксперименттер жүргізу мүмкіндіктеріне, деректердің қолжетімділігіне және т.б. байланысты бағалаудың көптеген әдістері бар. ЦТ-нің жобасы шеңберінде модельдерді әзірлеу үшін технологиялық эксперименттер, экономикалық зерттеулер, дизайн-сессиялар және т.б. іске асырылады.

Жұмыстың барлық осы бағыттары практикадан мысалдар, қоғамдық құндылықтар картасын жасау, сапалы салыстырмалы талдау, бенчмаркинг, сараптамалық бағалау, экономикалық шығын мен пайданы талдау, модельдеу, пилоттық жобалау және нәтижелердің кейінгі мониторингі, жоспарлаудың бейімдеу әдістері, болашаққа бағдарланған бағалау, жүйелі шолулар мен мета-бағалаулар сияқты түрлі құралдарды пайдалануға мүмкіндік береді (қосымша – 3).

Оның үстіне, ОБЦВ-н енгізудің түрлі факторларының себеп-салдарлық байланыстарын бағалаудың күрделілігі пилоттық жобалар түрінде эксперименттік бағалауды қолдану себепті байланыстарды бағалау әрекеттерімен салыстырғанда неғұрлым оңтайлы шешім болып табылады деп болжайды (қосымша – 3).

4. Талдау кезеңділігі

Цифрлық валютаны енгізуді зерделеудің барлық аспектілері өзара тәуелді, бірақ бұл ретте белгілі бір аспектілерді синхронды түрде қарау мүмкіндігі бар. Егер мақсаттарды айқындау және сәулет дизайнын жобалау сияқты кезеңдерді дәйекті зерделеуде логика болса, онда операциялық модельді реттеу және анықтау мәселелері бір мезгілде зерттелуі мүмкін. Бұл Модельде логикалық бөлінген мәселелерді зерделеудің қатаң кезеңділігі жоқ екенін мәлімдеуге мүмкіндік береді.

5. Итеративті тәсіл

Инновациялық жобаларды бағалау практикаларына, сондай-ақ ХВҚ және ДЭФ ұсынымдарына сәйкес, ОБЦВ-н зерттеу кезінде бейімделу әдісін ұстану қажет, яғни басқа тәуелді аспектілерді зерделеу шамасына қарай бұрын алынған нәтижелерді қайта қарау кезінде икемді болу қажет, бұл өз кезегінде Модельде де көрініс табады (қосымша-3).

6. Талдау бағыттары

Модельде технологиялық іске асырылуын, әлеуетті экономикалық пайда мен шығынды, жүйені реттеу мүмкіндіктерін, сондай-ақ экожүйені дамыту әлеуетін бағалау бойынша зерттеулер көзделген.

1 ЦТ-нің дизайнын айқындайтын негізгі параметрлер

1.1 ЦТ-ні енгізудің мақсаттары мен міндеттері

1.2 ҚР-ның жергілікті қағидаттарын ескеретін енгізудің табыстылық өлшемшарттары

1.3 ОБЦВ-н енгізудің халықаралық қағидаттары

2 ЦТ-нің дизайнын анықтау

3 Өміршеңдікті бағалау

Пайда мен шығындарды талдау

- Технология
- Экономика
- Экожүйе

4 Операциялық модель және реттеу

Нәтижелерді кешенді бағалау

- ҚРҰБ
- Консультативтік кеңес

Ұсынымдар

ИӘ? → Жол картасы

4.2 Талдау және күтілетін нәтижелер

Бұдан әрі Модельмен жұмыстың егжей-тегжейлі сипаттамасы ұсынылады:

- ЦТ-нің дизайнын анықтайтын негізгі параметрлер;
- архитектураны және экономикалық мәселелерді ескере отырып, ЦТ-нің дизайнын анықтау;
- таңдалған ЦТ-нің дизайнының қолданылуын бағалау.

1. ЦТ-нің дизайнын анықтайтын негізгі параметрлер

Модельдің бұл бөлігінде мақсаттар мен міндеттер, сондай-ақ бұдан әрі ЦТ-нің дизайнын айқындайтын ЦТ-ні енгізудің негізін қалайтын қағидаттар қаралады.

ЦТ-ні енгізудің мақсаттары мен міндеттері

2021 жылғы жобаның екі баяндамасында Қазақстанда ЦТ-ні енгізудің негізгі міндеттері сипатталды:

Ел ішінде қаржы нарығындағы бәсекелестікті арттыру

ЦТ-ні енгізу нарыққа қатысушылардың «смарт-келісімшарттар» тетігін (төлем процесін бағдарламалау мүмкіндігі) пайдалана отырып, жаңа төлем сервистерін құруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл төлем қызметтері нарығында ұсыныстың өсуіне алып келеді, отандық қаржы технологияларының нарығы үшін кең мүмкіндіктер ашады және бәсекелестіктің сапалық және сандық өсуіне оң ықпал етеді.

Қолма-қол ақшасыз төлемдердің енуін ұлғайту

ЦТ-мен интернетке қосылмай төлем жасау (оффлайн-төлемдер) мүмкіндігінің арқасында өңірлер арасында цифрлық алшақтықты еңсерудің негізгі құралдарының бірі бола алады.

Ұлттық төлем жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету

Жеке ұйымдар орнықты жұмыс істей алмайтын шекті сценарийлер жағдайында ЦТ Ұлттық төлем жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Мемлекет қатысатын төлемдердің тиімділігін ұлғайту

Мемлекеттік төлемдердің тиімділігін арттыруда ЦТ-нің елеулі әлеуеті айқын көрінеді. Атап айтқанда, «смарт-келісімшарттар» технологиясы қолданыстағы электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесінің, сондай-ақ экономиканы фискалдық ынталандыру тетіктерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. ЦТ-мен пайдаланудың ықтимал сценарийлерінің бірі цифрлық әлеуметтік әмиян болуы мүмкін, ол мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін жедел төлеуді немесе әлеуметтік төлемдер шеңберіндегі шығыстардың атаулы болуын бақылауды қамтамасыз етеді.

Экономиканың әр түрлі секторлары мен басқа елдердің ойыншыларына қатысты қаржы нарығының бәсекеге қабілеттілігін арттыру

Қашықтықтан биометриялық сәйкестендіруді және «смарт-келісімшарттар» технологиясын одан әрі дамыту мәмілеге қатысушылар бірқатар талаптарды сақтаған жағдайда «көрінбейтін төлемдерге» байланысты бірқатар сервистерді құру үшін мүмкіндіктер ашады. Бұдан басқа, ЦТ-нің басқа цифрлық платформалармен жіксіз ықпалдасуы түбегейлі жаңа төлем және қаржы өнімдерін (мәмілелерді «төлемге қарсы жеткізу» режимінде есептеу) құруды қамтамасыз ете алады. Мұндай инфрақұрылымға қол жеткізу қаржы нарығына қатысушыларға экономиканың әр түрлі секторлары мен басқа да елдердің ойыншыларына қатысты бәсекеге қабілетті болып қалуға мүмкіндік береді.

Орталықсыздандырылған қаржы индустриясының (бұдан әрі – DeFi) және цифрлық активтердің даму серпінін, сондай-ақ дәстүрлі қаржы инфрақұрылымы мен DeFi арасындағы реттеу мен өзара іс-қимыл сын-қатерлерін ескере отырып, «Орталықсыздандырылған қаржы және цифрлық активтер: реттеу үшін сын-қатерлер» шолу баяндамасында сипатталған сын-қатерлер мен міндеттерді шешу үшін ЦТ--нің инфрақұрылымын пайдалану мүмкіндігі қаралатын болады.

Технологияға қарамастан, ЦТ-нің дизайны ҚР-да жаңа төлем құралын енгізудің табыстылық өлшемшарттарына, сондай-ақ ОБЦВ-н енгізудің халықаралық қағидаттарына сәйкес келуі тиіс.

ҚР-ның жергілікті қағидаттарын ескере отырып, енгізудің табыстылық өлшемшарттары

ЦТ-ні енгізу қажеттілігінің ең басты көрсеткіші технологиялық дизайн нұсқаларына және ОБЦВ-ның басқа аспектілеріне енгізілген нарықтық ынталандырулар мен динамиканы бағалау болып табылады. Осыған байланысты, ЦТ Моделінде жоғарыда айтылғандай, ХВҚ және ДЭФ құралдарына қарағанда бұл мәселеге ерекше назар аударылады. Дизайнға сәйкес соңғы пайдаланушылардың қалауын зерттеу ғана емес, сонымен қатар желілік әсерлерді бағалауды қоса алғанда, тұтас экожүйенің даму әлеуетін талдау өте маңызды. ЦТ-ні енгізу туралы шешім қабылдауға нарық пен сарапшыларды белсенді тарту ЦТ-нің оңтайлы операциялық моделін айқындау кезінде нарық қатысушыларының мүдделерін ескеруге мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, нарықтық механизмдерге сәйкес қағидаттар ЦТ экожүйесінің дамуына ықпал етуі керек:

1. цифрлық валютаны пайдалануға, сондай-ақ әкімшілік-командалық әдістерді ғана қолданбай ЦТ-мен жаңа сервистер мен өнімдерді құруға нарықтың қызығушылығының табиғи дамуы;
2. ЦТ жүйесіне тең қол жеткізуді қамтамасыз ету;
3. сатып алушыға назар аудару-тұтынушылардың мүдделерін қорғау.

ОБЦВ-н енгізудің халықаралық қағидаттары

Сондай-ақ, ЦТ-нің дизайны G7 («Үлкен жетілік» елдері) әзірлеген халықаралық қағидаттарды ескеретінін атап өткен жөн. Жеке ОБЦВ үшін мемлекеттік саясаттың осы қағидаттары ХЕБ ұсынған базалық қағидаттардың жалғасы болып табылады.

G7 қағидаттары екі санатқа бөлінген:

1) ОБЦВ-н енгізудің негізін қалайтын қағидаттар:

- заңды және реттеуші шектеулердің болуы;
- деректерді қорғау;
- жұмыс істеп тұрған төлем жүйелерімен бірге қолданылуы;
- операциялық орнықтылық және киберқауіпсіздік;
- заңға қайшы қаржы қызметіне кедергі жасау;
- халықаралық монетарлық және қаржы жүйелерінің тұрақтылығы;
- экологиялық тұрғыдан пайдалану.

2) ОБЦВ-ның қосымша мүмкіндіктері:

- цифрлық экономикада инновацияларды қолдау;
- қаржы инклюзивтілігін арттыру;
- мемлекеттік сектордағы төлемдер;
- кросс-шекаралық төлемдер;
- халықаралық дамуды қолдау.

2021 жылы дизайнның мынадай негізгі параметрлері анықталды:

1. тұтынушыларға қолжетімділік – бөлшек валюта;
2. қол жеткізу технологиясының дизайны – токен;
3. технологиялық инфрақұрылымды ұйымдастыру тәсілі – орталықтандырылған және орталықтандырылмаған жүйелерді араластыру;
4. архитектураны іске асыру тәсілі – гибридті.

2022 жылы дизайнның қалған параметрлері (анонимділік, оффлайн-төлемдер, әмияндарды басқару және т.б.; бұл параметрлер төменде толығырақ қаралады) зерттеліп, анықталады. Бұдан басқа, ЦТ-ні енгізудің нарықтық тетіктерін қамтамасыз ету үшін нарыққа қатысушылардың мүдделерін ескере отырып, операциялық модель нақтыланатын болады.

2. ЦТ-нің дизайнын анықтау

ЦТ-ні енгізудің мақсаттары мен міндеттері, ҚР жергілікті қағидаттарын ескеретін табысты енгізу өлшемшарттары, ОБЦВ-н енгізудің халықаралық қағидаттары ЦТ дизайны үшін бизнес-талаптарды жинақтап қалыптастырады.

№	ЦТ-нің дизайнын айқындайтын негізгі параметрлер	Сипаттамасы	ЦТ дизайнына және ЦТ-нің басқа аспектілеріне әсері
1	**ЦТ-ні енгізудің мақсаттары мен міндеттері**	– ел ішінде қаржы нарығындағы бәсекелестікті арттыру – қолма-қол ақшасыз төлемдердің енуін ұлғайту – ұлттық төлем жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету – мемлекет қатысатын төлемдердің тиімділігін ұлғайту – экономиканың әр түрлі секторлары мен басқа елдердің ойыншыларына қатысты қаржы нарығының бәсекеге қабілеттілігін арттыру	**Технологиялық функционал** – бағдарламалауға; – икемділікке; – оффлайн-төлемдерді іске асыруға қатысты. **Операциялық модель** – жүйені басқару; – шотты басқару ; – экожүйені кеңейту; – процестерді жалпы басқару
2	**ҚР-ның жергілікті қағидаттарын ескеретін енгізудің табыстылық өлшемшарттары**	нарықтық механизмдерге сәйкес қағидаттар – цифрлық валютаны пайдалануға, сондай-ақ әкімшілік-командалық әдістерді ғана қолданбай ЦТ-мен жаңа сервистер мен өнімдерді құруға нарықтың қызығушылығының табиғи дамуы; – ЦТ жүйесіне тең қол жеткізуді қамтамасыз ету; – сатып алушыға назар аудару-тұтынушылардың мүдделерін қорғау.	**Операциялық модель** – жүйені басқару; – шотты басқару ; – экожүйені кеңейту; – процестерді жалпы басқару
3	**ОБЦВ-н енгізудің халықаралық қағидаттары**	– ОБЦВ-н енгізудің негізін қалайтын қағидаттар; – ОБЦВ-ның қосымша мүмкіндіктері.	**Технологиялық функционал** **Операциялық модель** **ЦТ-нің дизайнындағы қасиеттер-экономикалық аспектілер** **Реттеу**

ЦТ-нің дизайны бойынша барлық мәселелерді алдыңғы бөлімде сипатталған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін технологиялық архитектура мен ЦТ-нің қасиеттерінің әсеріне байланысты екі санатқа бөлуге болады:

- архитектураға әсер ететін технологиялық функционал және операциялық модель;
- ЦТ-нің қасиеттеріне әсер ететін экономикалық аспектілер (пайыздар мен лимиттер).

Операциялық модель сұрақтары

- жүйені басқару (инфрақұрылымның негізгі бөлігін (core ledger) жүргізу)
- әмиянды және шотты басқару (негізгі жүйедегі қызметтерді өңдеу және шоттарды басқару)
- экожүйені кеңейту (қаржылық қызметтердің неғұрлым кең спектрі)
- жалпы басқару (ОБЦВ-ның жүйелерінің құрылымы, мүмкіндіктері және техникалық сипаттамалары туралы шешімдер қабылданатын процестер).

Экожүйені дамытудың табыстылық өлшемшарттарына сәйкес операциялық модельде қаралатын негізгі сұрақтар:

1. Желілік ықпал етуді дамыту үшін технология дизайнына қандай да бір талап қойылды ма?
2. Жүйені реттеу бойынша ойыншыларға қойылатын қандай да бір талап бар ма?
3. Тұтынушылар үшін ЦТ-нің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін кедергілер бар ма?
4. ЦТ-нің өнімдері мен сервистерін ұсыну мүмкіндігін алу үшін сауда-сервистік кәсіпорындар үшін қосымша шығын бар ма?

Операциялық модельдің сұрақтарына жауаптар нарыққа қатысушылармен, ҚРҰБ-мен, Қаржылық мониторинг агенттігімен талқылаулардың нәтижелері бойынша қалыптастырылатын болады.

Операциялық модель бойынша сұрақтар санаттары

	Санаттар	Не?
	Жүйені басқару	*Инфрақұрылымның негізгі бөлігін (core ledger) жүргізу Негізгі инфрақұрылыммен және оның қосалқы функцияларымен байланыс*
	Әмиянды және шотты басқару	*Негізгі жүйедегі қызметтерді өңдеу және шоттарды басқару*
	Экожүйені кеңейту	*Қаржылық қызметтердің неғұрлым кең ауқымы, мысалы, сауда қызметтері, төлем шлюздері, бағдарламаланатын немесе жекелендірілген қызметтер*
	Басқару	*ОБЦВ жүйелерінің құрылымы, мүмкіндіктері және техникалық сипаттамалары туралы шешімдер қабылданатын процестер*

Экономикалық сұрақтар

- Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін ЦТ-нің дизайнында қандай қасиеттер болуы керек?

Пайдалар мен шығындарды талдау таңдалған ЦТ-нің дизайнының, тұжырымдамалық операциялық және реттеуші модельдердің өміршеңдігін бағалау нәтижелері бойынша іске асырылады.

3. Таңдалған ЦТ дизайнының өміршеңдігін бағалау

Шешім қабылдау критерийлері:

1. Технологиялық әсер
2. Технологиялық және кибер тәуекелдер
3. Экономикалық тиімділік
4. Экономикалық тәуекелдер
5. Нарық пен тұтынушылардың дайындығы.

4. Тұжырымдамалық операциялық және реттеуші модельдерді талдау

6. Реттеушілік ықпал ету
7. Операциялық модель шеңберіндегі пайдалар мен шығындар

3 Өміршеңдікті бағалау

- Технология
- Экономика
- Экожүйе

Шешім қабылдау критерийлері

01 Технологиялық әсер
02 Технологиялық және кибер тәуекелдер
03 Экономикалық тиімділік
04 Экономикалық тәуекелдер
05 Нарық пен тұтынушылардың дайындығы

4 Операциялық модель және реттеу

06 Реттеушілік ықпал ету
07 Операциялық модель бойынша пайдалар мен шығындар

Нәтижелерді кешенді бағалау

ҚРҰБ

Консультативтік кеңес

Жол картасы ← ИӘ?

Ұсынымдар

1. Технологиялық әсер

Сипаттамасы

Модельде технологиялық әсер ЦТ дизайнына енгізілген ЦТ технологиясының қажетті функционалдығын валютаны енгізудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты технологиялық іске асыру ретінде анықталады. ЦТ жобасының бұл параметрі әзірленген дизайнның келесі үш аспектісі үшін және технологиялық шанышқыларды ескере отырып бағаланатын болады (толығырақ 2-ақпаратты қосымшадан):

- бағдарламалау мүмкіндігі (атап айтқанда – смарт-келісімшарттарды іске асыру);
- икемді жүйе (ЦТ мен өзге де төлем жүйелерінің/қаржы тетіктері – биржалардың, маркетплейстердің және т.б. тиімді өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігімен бірге интероперабельділіктің жоғары деңгейі);
- оффлайн-төлемдерді іске асыру.

Өлшемді бағалауға арналған сұрақтар

Ең аз қолданылатын өнімді (MVP) әзірлеу барысында алынған деректер мынадай өлшемшарттар бойынша бағалануға тиіс:

- Дайын шешімнің болуы (Нарықта қандай өнімдер/технологиялар бар? Оларды іске асыру үшін қосымша зерттеу жұмысы қажет пе немесе нарықта бар өнімді/технологияны сатып алу жеткілікті ме?)
- Қауіпсіздіктің, өткізу мүмкіндігінің және ауқымдылықтың жүйелік талаптарына сәйкестігі (Өнім/технология барлық бизнес-талаптарды қанағаттандыру үшін жеткілікті түрде қауіпсіз/қуатты/ауқымды болып табыла ма? Базалық MVP деңгейінде жүйені пайдалану сценарийлері қалай іске асырылады?)

Талдау құралдары, зерттеу фазалары

Технологияның қолданылуын тексерудің негізгі құралы пилоттық платформа болады, ол екі режимде жұмыс істейді:

- платформаның функционалдылығын ЦТ-ні шығарудан бастап оны өтеуге дейін толығымен тестілеу үшін тұтынушылар мен ССК-дың шектеулі тізбесі бар шектеулі аумақтағы пилоттық жоба;
- ілгерінді функционалдылықтың қолданылуын зерттеу және бағалау үшін жабық тест ортасы («технологиялық арнайы реттеу ортасы»).

Нақты ССК мен тұтынушылардың болжамды қатысуына байланысты, ҚРҰБ "реттеуші құмсалғышы" шеңберінде жобаны толассыз тестілеуді іске асыру көзделіп отыр. "Технологиялық құмсалғышта" оффлайн төлемдер тізбегін әзірлеуді қоса алғанда, смарт-келісімшарттарды пайдалана отырып, әр түрлі сценарийлер пысықталатын болады. Сондай-ақ сыртқы қатысушыларды қосу және Digital Tenge Hub базасында бірлескен сценарийлерді іске асыру жоспарлануда.

Аяқтау нысандары-жауап нұсқалары

Осыдан кейін төменде көрсетілген сипаттама негізінде таңдалған тәсілдерге баға беру қажет болады:

«A» бағасы (осы аспект технологиялық тұрғыдан іске асырылады, оны іске асыру қосымша зерттеулерді және/немесе ресурстарды қажет етпейді);

«B» бағасы (қазіргі кезде осы аспект технологиялық тұрғыдан іске асырылады, бірақ оны іске асыру кейбір қосымша талдамалық-зерттеу жұмысын және/немесе ресурстардың елеусіз көлемін талап етуі мүмкін);

«C» бағасы (қазіргі кезде осы аспект технологиялық тұрғыдан іске асырылады, бірақ оны іске асыру жеке қосымша зерттеуді және/немесе ресурстардың шағын көлемін талап етуі мүмкін);

«D» бағасы (қазіргі кезде осы аспект технологиялық тұрғыдан іске асырылады, бірақ оны іске асыру жеке іргелі зерттеуді және/немесе ресурстардың орташа көлемін талап етуі мүмкін);

«F» бағасы (қазіргі кезде осы аспект қажетті шешімдердің болмауына және/немесе ресурстардың өте үлкен көлемінің қажеттілігіне байланысты технологиялық тұрғыдан іске асырылмайды).

Жоғарыда келтірілген бағалар мүмкін нәтижелердің келесі үш тобына сәйкес келеді:

"A" бағасы – «Іске асырылатын технологиялық әсерлер»

"B", "C", "D“ бағалары – «Қосымша зерттеу қажет»

"F" бағасы – «Технологиялық әсерлер іске асырылмайды»

Түпкілікті шешім жоғарыда аталған бағалардың негізінде ғана емес, есеп айырысулар мен түсіндірмелермен ұсынылған құжаттарды ескере отырып шығарылатынын атап өткен жөн (жоғарыда көрсетілген үш өлшемшарттың әрқайсысын бағалау процесі баяндама жасаумен аяқталуы тиіс, онда қандай да бір баға беру қадамдары егжей-тегжейлі сипатталады).

2. Технологиялық тәуекелдер және кибер тәуекелдер

Сипаттамасы

Ақпараттық қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударылуы тиіс. Дұрысында функционалды емес талап бола отырып, бұл аспект төлем тетіктерінің өміршеңдігін қарастырған кезде өте маңызды аспектілердің бірі болып әбден дәлелді саналады. MVP-мен жұмыс істеу барысында соңғы екеуіне басымдық бере отырып, әкімшілік, логикалық (бағдарламалық) және физикалық деңгейлерде қауіпсіздік тетіктерін зерделеу және кейіннен енгізу жоспарлануда. Сондай-ақ кейіннен аудит пен тест өткізе отырып, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қажетті саясаттары әзірленетін болады. Барлық осы шаралардың жиынтығы цифрлық теңге жүйесінің құпиялылығының, тұтастығы мен қолжетімділігінің қажетті деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өлшемді бағалауға арналған сұрақтар

- Белгілі бір тәуекелдердің болуы (таңдалған тәсілде қандай тәуекелдер/осалдықтар бар? Оларды табу үшін қосымша зерттеу жұмыстары қажет пе?)
- Митигация мүмкіндігі (анықталған тәуекелдерді митигациялау мүмкін бе? Олай болса, дәл қалай?).
- Митигацияның құны (митигациялық шаралар қанша тұрады? Бұл қызметтің негізгі параметрлері мен негізгі функцияларына қалай әсер етеді? Қандай шектеулер және қандай процестер қолданылуы керек?)

Талдау құралдары, зерттеу фазалары

Технологияның қолданылуын тексерудің негізгі құралы пилоттық платформа болады, ол екі режимде жұмыс істейді:

- платформаның функционалдылығын ЦТ-ні шығарудан бастап оны өтеуге дейін толығымен тестілеу үшін тұтынушылар мен ССК-дың шектеулі тізбесі бар шектеулі аумақтағы пилоттық жоба;
- ілгерінді функционалдылықтың қолданылуын зерттеу және бағалау үшін жабық тест ортасы («технологиялық арнайы реттеу ортасы»).

Аяқтау нысандары-жауап нұсқалары

Осыдан кейін келесі сипаттама негізінде таңдалған тәсілдерді бағалау қажет болады:

"А" бағасы (осы тәсілдің технологиялық тәуекелдері немесе елеусіз, немесе оларды митигациялау қосымша зерттеулерді және/немесе ресурстарды талап етпейді)

“В" бағасы (осы тәсілдің технологиялық тәуекелдерін митигациялау кейбір қосымша талдамалық-зерттеу жұмысын және/немесе ресурстардың елеусіз көлемін талап етуі мүмкін)

"C" бағасы (осы тәсілдің технологиялық тәуекелдерінің митигациясы жеке қосымша зерттеуді және/немесе ресурстардың аз көлемін талап етуі мүмкін) "D" бағасы (осы тәсілдің технологиялық тәуекелдерінің митигациясы жеке іргелі зерттеуді және/немесе ресурстардың орташа көлемін талап етуі мүмкін)

"F" бағасы (осы тәсілдің технологиялық тәуекелдерін митигациялау мүмкін емес)

Жоғарыда келтірілген бағалар мүмкін нәтижелердің келесі үш тобына сәйкес келеді:

"A" бағасы – "технологиялық тәуекелдер митигирленеді"

“B", “C”, “D" бағалары– "қосымша зерттеу қажет"

"F" бағасы – "тәуекелдерді азайтуға болмайды"

3. Экономикалық тиімділік

Сипаттамасы

ЦТ-ні енгізу стейкхолдерлердің барлық негізгі топтары: тұтынушылар, қаржы ұйымдары және мемлекеттік институттар (қорытынды баяндамада толығырақ) пайдалана алатын мүлдем жаңа цифрлық мүмкіндіктер мен артықшылықтардың тұтас қатарын ықтимал әкеледі. Дегенмен, ЦТ-ге әлеуетті сұранысты, сондай-ақ экономикалық агенттерді бөлудегі әлеуетті пайданы бағалау қиын.

Өлшемді бағалауға арналған сұрақтар

- ЦТ-ге сұраныс қандай болады?
- ЦТ-ні енгізуден қоғамның әл-ауқаты қалай өзгереді?

Талдау құралдары, зерттеу фазалары

Талдау құралдары сауалнама, микроэкономикалық зерттеу, DSGE модельдері, сарапшылармен талқылаулардан алынған тұжырымдар болады.

Орталықсыздандыру техникалық ақаулардан кейін жоғары қалпына келтіру деңгейі бар тұрақты жүйелер құруға мүмкіндік береді. Алайда орталықсыздандырылған тәсілді пайдаланған жағдайда, басқару, жауапкершілікті бөлу және пайдаланушылардың мүдделерін қорғау мәселелерінің бір мәнді шешімі жоқ болып табылады.

10. Кеңею мүмкіндігі vs Операциялық орнықтылық

ОБЦВ-ның қандай да бір функцияларын бағдарламалау мүмкіндігі көрсетілетін қызметтер ауқымын кеңейту үшін керемет мүмкіндіктер туындатады. Сонымен қатар, жаңа өнімдер мен сервистер жаңа осалдыққа ие болады, бұл өз кезегінде операциялық орнықтылыққа теріс әсер етеді.

11. Конфиденциалдылық vs Тиімділік

Конфиденциалдылықты қамтамасыз ету белгілі бір қорғау шараларын (мысалы, хабарларды шифрлау, ақпараттың түпнұсқалығын тексеру шараларын қосу және басқаларды) талап етеді. Алайда, мұндай шаралардың кез келгені жүйенің бірқатар параметрлеріне (атап айтқанда, жауап беру жылдамдығына, сұратуларға жауаптардың кідіруіне және жүйенің кеңею мүмкіндігіне) кері әсерін тигізеді.

12. Интероперабельділік vs Стандарттау

Интероперабельділік – бұл жүйенің басқа сервистермен тиімді бірлескен жұмысты қамтамасыз ету мүмкіндігі. Өкінішке орай, әр түрлі тәсілдер мен қолданылатын технологиялардың көптігіне байланысты интероперабельділік стандарттауды жояды. Сондықтан басқалармен өзара іс-қимыл жасауға қабілетті жүйе құру немесе бүкіл қызмет көрсету нарығы үшін бірыңғай стандарт енгізу қажет.

3. ОБЦВ-ның таңдалған дизайнының қолданылуын бағалау

ОБЦВ-ның дизайны анықталғаннан кейін экожүйенің технологиялық іске асырылуын, экономикалық тәуекелдерін, реттеуді, даму әлеуетін бағалау қажет.

Технологиялық іске асырылуы

ОБЦВ-ның платформасына қойылатын жүйелік талаптар

ДЭФ саяси мақсаттарға және байланысты технологиялық конфигурацияларға қарамастан, болашақта қоғамдық пайдалану үшін болжанатын кез келген ОБЦВ-ның платформасын өрістету үшін өте маңызды техникалық талаптар бар екенін атап өтуде [20]:

- Киберқауіпсіздіктің жоғары деңгейі, техникалық тұрақтылық және орнықтылық
- Ұтымды техникалық басқару

Істен шығуға төзімділік, жүйенің өткізу қабілеті, интероперабельділігі (басқа жүйелермен тиімді өзара әрекет ету мүмкіндігі), ауқымдылығы мен қауіпсіздігі кез келген ақпараттық жүйелерді талдаудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

ОБЦВ-н енгізу үшін АҚШ Ұлттық стандарттар және технологиялар институты (NIST) жариялаған немесе «STRIDE» моделі сияқты киберқауіпсіздіктің үздік практикалары қолданылатын болады деп болжануда [23]. Ұтымды техникалық басқару ОБЦВ-ның желісі мен инфрақұрылымын реттеу, деректерді орналастыру, құқық қорғау органдарының артықшылықтары және т.б. мәселелерін қарауды қамтиды. Ақпаратты қауіпсіз және сенімді сақтау да ОБЦВ үшін шешуші мәнге ие. Мысалы, мобильді телефонды немесе кез келген басқа физикалық сақтау құрылғысын жоғалтқан, ұрлаған немесе бүлдірген жағдайда, пайдаланушылар өз қаражатына қолжеткізуін жоғалтпауы тиіс. Басқарудың қосымша техникалық аспектілері қолданыстағы құқықтық базамен үйлесімділікті және транзакциялар аудиті мен заңнамадағы ықтимал өзгерістермен үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңарту мүмкіндігін қамтуы тиіс.

ОБЦВ-ның инфрақұрылымын өрістету

ОБЦВ шығару жүйені өрістету және қолдау кезінде инфрақұрылымдық шығыстарға байланысты мәселелерді пысықтауды талап етеді. Мәні бойынша, Модельдің осы аспектісін қарау кезінде ұзақ мерзімді перспективада жүйені өсіп келе жатқан шығынсыз қаншалықты қолдау мүмкін болады деген сұраққа жауап беру қажет.

Алдымен барабар дамыған технологиялық инфрақұрылымның болуына бағалау жүргізу қажет. ОБЦВ-ның жүйесін қолдау электр желісі, мобильді желі, интернет-қамтылым сияқты жалпы инфрақұрылымның қолжетімділігі мен орнықтылығының жоғары деңгейін қамтамасыз етуді талап етеді.

ОБЦВ-ның инфрақұрылымын өрістетудегі неғұрлым стратегиялық маңызды мәселе ОБ мен сыртқы өнім берушілердің ішкі әлеуеті арасындағы теңгерімді айқындау болып табылады. Әдетте, табысты инфрақұрылымдық жобаларда ішкі тәжірибені бір мезгілде арттыру кезінде жеткізушілермен өзара іс-қимыл көзделеді. Бұл түпкілікті өнімді жақсы түсінуге, жеткізушіге байланысты болуды барынша азайтуға және міндеттерді тиісті бөлуді жеңілдетуге көмектеседі.

Экономикалық тәуекелдер

Зерттеушілердің бір бөлігінің ОБЦВ-ның дизайнына байланысты банктік депозиттердің ағынына әлеуетті әсеріне қатысты пікірлері әр түрлі, бірақ барлық сарапшылар қаржы нарығындағы бәсекелестікті арттыруға қатысты бір пікірде. Көптеген экономисттер ОБЦВ-на сыйақы болмаған жағдайда, ОБЦВ-дағы ағымдағы шоттардан қаражаттың кетуі маңызды емес деп санайды. Бұл ретте көптеген зерттеушілер тіпті пайыздық мөлшерлемелер болған кезде де ОБЦВ-ның оң әсерін көреді.

CPMI-MC, Fernandez-Villaverde, Keister және Sanches және т.б. зерттеулері

ОБЦВ-ның өтімділік пен қолайлылыққа қатысты депозиттермен тең жағдайларға ие болуына байланысты коммерциялық банктерге қолжетімді депозиттік қаражат көлемін құрылымдық түрде азайтатынын көрсетеді [24]. Оның үстіне ОБЦВ көбінесе актив ретінде бағаланатын болады. Chiu, Kumhof, Noone және т.б. кері пікірде: ОБЦВ-ның

депозиттер нарығында балама нұсқа ретінде болуы банктерді өз депозиттерін сақтау үшін ОБЦВ мөлшерлемесіне сәйкестендіруге ынталандырады. Нәтижесінде бұл жинақ ақшаның өсуіне ықпал етеді. Andolfatto ОБЦВ үшін пайыздық мөлшерлемелер қолма-қол ақшаға сұранысты азайтып, банк секторында бәсекелестік деңгейінен төмен жүйелерде қаржылық қызметтердің қолжетімділігін жақсартады деп ойлайды.

Кейбір зерттеулерде салымшылардың жалпы базасын ұлғайту үшін ОБЦВ құратын бәсекелестікті күшейту әлеуеті байқалады, бұл өз кезегінде несиелендіру көлемін кеңейтіп, қарыздар бойынша шығындарды азайтады. Andolfatto депозиттер бойынша неғұрлым жоғары мөлшерлемелер депозиттік базаны ұлғайтып, қарыздар бойынша мөлшерлемелерді төмендетуі мүмкін, сол арқылы банктерді несиелендіру көлемін кеңейтеді дейді [24].

ХЕБ соңғы зерттеулеріне сәйкес, қаражаттың ОБЦВ-на ауысу тәуекелдерін жою үшін ұсынылып отырған шаралар екі санатқа топтастырылады, олар: сандық және бағалық.

ОБЦВ-н жобалау нұсқалары			
Сандық шаралар/шектеулер	Ең көп сақтау лимиті	Сараланған лимиттер	Транзакцияларға арналған лимиттер
Баға көрсеткіштері/ сыйақы	Сыйақысыз/Теріс сыйақы		Көп деңгейлі сыйақы
Дағдарысқа қарсы шаралар	Аралық/конвертациялау лимиті		Банктік қолдау

ОБЦВ-ны реттеу

Таңдалған операциялық модельге сәйкес белгілі бір дизайндағы ОБЦВ-нан әлеуетті пайданы іске асыру белгілі бір елді реттеуге байланысты: ағымдағы нормалар ОБЦВ жүйесіндегі рөлдерді бөлуді ұйымдастыруға қаншалықты мүмкіндік береді, деректердің конфиденциалдылығын басқарудың жаңа тетіктерін пайдалануға қаншалықты рұқсат етіледі, әр түрлі ойыншылардың мүдделері қалай қамтамасыз етіледі және жалпы басқару қалай жүзеге асырылады.

ЦТ жұмыс істеуі үшін нормативтік-құқықтық базаның тұтастығын қамтамасыз ету, оның ішінде оны анықтау және төлем айналымына қатысушылардың осыдан туындайтын міндеттемелері туралы сұрақтарға жауап беру маңызды. Бұдан басқа, реттеу парадигмасы, ұлттық цифрлық валюта дизайнының элементтерін, мысалы, ЦТ-ге конвертациялауға арналған лимиттерді, қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету процестерін және т. б. көрсетуі тиіс.

ОБЦВ-ның жүйесі пайдаланушылардың болашақ қажеттіліктерін қанағаттандыру және жүйенің саяси мақсаттары мен тұрақтылығына қол жеткізе отырып, жаңа және қолданыстағы жүйелермен және тетіктермен өзара іс-әрекет жасау үшін икемді болуы тиіс. Сондықтан, ОБ-дің жүйесінде рөлдерді бөлу кезінде жүйені өз қызметі арқылы немесе қадағалау өкілеттіктері арқылы өзгерте алуы тиіс. Цифрлық валютасының кез-келген жүйесінде ОБ маңызды рөл атқарады және ресурстарды тиісті түрде бөлетін мүмкіндігі болуы тиіс. Функцияларды бөлу ОБЦВ-на қоғамның игілігі ретінде оның сенімін және тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мұқият басқарылуы тиіс.

ХВҚ ОБЦВ-ның механизмін төлем жүйесі ретінде сипаттауға бола ма, жоқ па, ал егер сипаттауға болатын болса, оның жүйелік маңызы бар ма, соны анықтау өте маңызды болады деп болжайды. Егер уағдаластық «қатысушылар мен уағдаластықты басқаратын ұйымды қоса алғанда, қатысушылар арасында қаражатты аудару үшін құралдар, рәсімдер мен ережелер жиынтығын» білдірсе, цифрлық валюта төлем жүйесі ретінде сипатталуы мүмкін [23]. Жүйелік маңыздылықты айқындау қаржы жүйесіндегі ықтимал рөлді ескере отырып, шешуші мәнге ие болады. Негізгі критерийлер өңделетін транзакциялардың саны мен құнын, қатысушылардың саны мен типін, қызмет көрсетілетін нарықтарды, өзара байланыстылықты және кез келген қолжетімді баламаларды қоса алғанда, жеке төлем жүйелеріне арналған критерийлер сияқты болуы мүмкін.

Алайда, қоғамның ОБЦВ-нан күтетін үлкен үмітін ескере отырып, ОБЦВ тетігі оның ағымдағы және әлеуетті көлеміне қарамастан, жүйелік маңызды деп танылуы әбден мүмкін. Мәселен, егер ОБЦВ-ның тетігі жүйелік маңызды төлем жүйесі ретінде белгіленетін болса, онда ол барынша қатаң реттелуі, қадағалануы және бақылануы тиіс.

Цифрлық валюталарға арналған жаһандық және инновациялар үшін қолайлы нормативтік-құқықтық және саяси базаны әзірлеу күрделі міндет болып табылады. ДЭФ ОБЦВ-ның саясатын әзірлеушілерге кездесетін үш негізгі талапты айқындайды [19]:

- Тез өзгеретін технологиялар мен қағидалар әзірлеудің реактивті процесі арасындағы қақтығыстар;
- Қаржылық қызметтер саласында шешім қабылдайтын органдар арасында үйлесімнің болмауы;
- Цифрлық валюталар неге арналған деген сұрақта, әсіресе қазіргі баламаларымен салыстырғанда консенсустың болмауы.

Бұл мәселелер операциялық модельді қоса алғанда, архитектура дизайнын анықтағаннан кейін зерттеу кезеңінде пысықталады.

Экожүйені дамыту

ОБЦВ-ның технологиялық дизайнының нұсқаларына және басқа да аспектілеріне салынған нарықтық ынталандырулар мен динамиканы бағалау ОБЦВ-н енгізу қажеттілігінің ең басты көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты жоғарыда айтылып өткен ХВҚ және ДЭФ құралдарына қарағанда ЦТ моделінде осы мәселеге жеке назар аударылады. Соңғы пайдаланушылардың артықшылықтарын дизайнға сәйкес зерделеу ғана емес, сонымен қатар желілік әсерлерді бағалауды қоса алғанда, тұтас экожүйенің даму әлеуетін талдау да өте маңызды.

Көптеген ОБ-тер жеке сектордың ОБЦВ-ның өнімдері мен сервистерін ұсынудағы рөлін қарау кезінде қаржы мекемелерімен және басқа да мүдделі тараптармен ынтымақтасады. Саясат пен технологияны таңдау әр түрлі субъектілердің қандай функцияларды орындай алатынын, ақпарат алмасудың қалай болатынын және қызмет көрсетушілердің цифрлық валюта жүйесіне қалай қол жеткізетінін анықтайтын болады. Нәтижесінде әр түрлі техникалық шешімдер бәсекелестіктің әр түрлі динамикасына және қандай да бір деректердің қолжетімділігіне негізделген ерекше желілік әсерлерге әкеледі [20, 23].

Осылайша, ОБЦВ-ның дизайнының нұсқаларын бағалау кезінде жеке сектор қаржылық қызметтер саласындағы инновациялар мен бәсекелестікке қандай ынталандырулар мен бизнес-модельдердің қолайлы жағдай жасайтынын талдаудың аса маңызды қатысушысы ретінде қабылдануға тиіс, бұл ретте жүйенің жұмысқа жарамдылығын, оның орнықтылығын және одан әрі дамуын қолдау үшін ең жақсы мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, ХЕБ қандай да бір юрисдикцияда жалпы мақсаттағы ОБЦВ-н қабылдау мен пайдаланудың ажырамас бөліктері пайдаланушылардың жылдам өзгеретін төлем ландшафтындағы ағымдағы және болашақ қажеттіліктерін түсіну және қанағаттандыру болатынын баса көрсетеді. Пайдаланушылардың цифрлық төлем қызметтерін қабылдауын айқындайтын факторлар бар. Мысалы, ХЕБ ОБЦВ үшін үш факторды бөліп көрсетеді:

- пайдаланушылардың қанағаттандырылмаған қажеттіліктерін ОБ-дің ақшасының бірегей артықшылықтары (есептердің түпкілікті болуы, өтімділік, сенімділік) арқылы өтеу;
- желілік әсерлер (саудагерлер ОБЦВ-н қабылдауға дайын болған кезде ғана, оны тұтынушылар пайдаланатын болады);
- жаңа құрылғыларды сатып алудың қажет болмауы (егер ОБЦВ дайын технологияға сүйенетін болса, онда пайдаланушыларға ОБЦВ сақтау үшін пайдаланатын шотты, қызметті, қосымшаны немесе құрылғыны теңшеу оңай болады[25]).

Осы себептен индикативтік көрсеткіштер, болжамды бағалау мен талқылаулар негізінде нарықтың жаңа валютаны қабылдауға дайын болу деңгейін бағалау қажет. Жобаның ерте кезеңдерінде экожүйені дамыту мәселесін қараудың шешуші мәні бар. Мысалы, бастау үшін сценарийлерді анықтау кезінде нарыққа қатысушыларды тарту соңғы пайдаланушылардың қажеттіліктерін түсіну үшін, сондай-ақ ойыншылардың жаңа жүйеге қосылуға дайын болуын бағалау үшін өте маңызды болып табылады.

ОБЦВ-н енгізу кезіндегі ықтимал тәуекелдер және оларды жою әдістері

ОБЦВ-н табысты енгізу үшін іске асырудың сыни элементтеріне тұрақты фокус және тәуекелдерді басқару үшін шаралар кешені, сондай-ақ оларды жою әдістері қажет. Енгізудің ықтимал тәуекелдері өзіне мыналарды қосуы мүмкін:

ОБЦВ-н енгізу тәуекелдері	ЦТ үшін жою әдістері
Киберқауіпсіздік тәуекелдерін, банктік қосымшаларға енгізу мәселелерін, сондай-ақ AML және CFT тексерулерін жүзеге асыруды қамтитын технологиялық іске асыру тәуекелдері.	▪ Қауіпсіздік және масштабтау аспектілерін егжей-тегжейлі пысықтаумен және тестілеумен ЦТ платформасын кезең-кезеңімен енгізу; ▪ Ерте сатыда технологиялық аспектілерді пысықтауға сыртқы қатысушыларды белсенді тарту.
Ұйымдастырушылық тәуекелдер іске асыру үшін құзыреттер мен ресурстардың жетіспеушілігін қамтуы мүмкін.	▪ Бастамаларды іске асыруды қолдау үшін сыртқы сараптама мен ресурстарды тарту; ▪ Индустриядан сегменттің ерекшелігін білетін қызметкерлерді тарту және кадрларды қайта даярлау.
Экономикалық тәуекелдер – ОБЦВ -ненгізу өтімділіктің ағылуына әкелуі және ақша агрегаттарының көлемінің, жылдамдығының және мультипликациясының сипаттамаларына әсер етуі мүмкін.	▪ Банктер үшін баланстардағы ақшаны ретке келтірілген алмастыру үшін қосымша құралдар жасау; ▪ Егер ақша айналымының жылдамдығы тым жоғарылап кетсе, қайта қаржыландыру арқылы операцияларды түзету және нарықтағы артық өтімділікті абсорбциялауға дайын болу; ▪ Лимиттерді ЦТ-дегі қаражатты айырбастау көлемін реттеудің қосымша құралы ретінде пайдалану мүмкіндігін қарастыру.
Тұтынушылар мен қаржылық ойыншылар тарапынан сұраныстың жеткіліксіздігін қосатын тарату тәуекелдері, ОБЦВ-мен пайдалануға қатысты қаржылық сауаттылықтың төмен деңгейі.	▪ Халықтың және бизнестің ЦТ-ні пайдалануға қатысты қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша іс-шаралар өткізу; ▪ Қаржы нарығына қатысушыларды ЦТ-ні пысықтау мен пилоттаудың ерте кезеңдеріне белсенді тарту.
Қазақстан Республикасында пайдаланылуы басқа валюталарға тәуелділіктің ұлғаюына әкеп соғуы мүмкін басқа елдердің ОБЦВ-ның трансшекаралық есептесулердегі рөлінің күшеюіне байланысты жаһандық тәуекелдер.	▪ Трансшекаралық есептесулерде ЦТ-мен пайдалану бойынша пилоттық жобаларды іске асыру; ▪ Халықаралық ұйымдармен және басқа елдердің орталық банктерімен кооперация және ынтымақтастық.

ҚОСЫМША – 3
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ БАҒАЛАУ

Инновациялық жобаларды жіктеуге сәйкес цифрлық валюталар 20% талдау нәтижелерді бағалаудың қазіргі әдістеріне негізделетін жобалар санатына жатады, ал 80% жаңа тәсілдерді әзірлеуді талап етеді. Қазақстан моделінде инновациялық жобаларға келетін әр түрлі құралдардың комбинациясы қолданылады, сондай-ақ жаңа бағалау көрсеткіштері әзірленді.

Инновациялық жобаларды жіктеу

	Scale Engine масштабтау технологиясы	Transfer Engine беру технологиясы	Test Engine тестілеу технологиясы
	Анықталған қажеттіліктер Тексерілген гипотеза Бастапқы әсерін растау Дәлелдеу базасын кеңейту Әсерді бағалауға инвестициялау Серіктестерге беруге инвестициялау	Талаптардың ерекшелігін анықтау Гипотезаларды тұжырымдау Бастапқы деректерді әзірлеу/жинау Тұжырымдамаға тестілеу сынақтарын жүргізу Тоғыспалы енгізуге және қажеттіліктерді бағалауға инвестициялау	Белгісіз қажеттіліктер Жаңа шешімдер Гипотезаларды тұжырымдау Жаңа ынтымақтастыққа инвестициялау Серіктестермен R&D дамыту
Фокус	40%	40%	20%
	40% төмен тәуекел Қолданыстағы шешімдерді итерациялау және масштабтау – 2-5 жыл	40% орташа тәуекел Қолданыстағы шешімдерді бейімдеу – 1-2 жыл	Жаңа модельдер – 12 ай
	Бағалаудың қолданыстағы бағыттары мен әдістері		
Деректер базасы	Нәтижелері туралы деректері бар бастамалар ғана	Бағалау әдістерінің кемінде 80%-ы бастапқы деректерге және нәтижелерді бағалау жүйесіне негізделуі тиіс	Бағалау әдістерінің кемінде 20%-ы базалық деректерге және нәтижелерді бағалау жүйесіне негізделуі тиіс

«Кәсіби» және ұтымды стандарттарға сәйкес келу ниеті

Көбінесе зерттеушілер объективті тиімсіз және/немесе қисынсыз құралдық практикаларға күмән келтірмейді, оларды бейтарап әрі заңды деп болжайды [26]. Мысалы, инновациялық саясат саласында «ұтымды дизайнға» жалпы қабылданған сенім мен түбегейлі қате болуы мүмкін саясаттың келісімі бар. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) басқаруымен мемлекеттік сектордың Инновациялық обсерваториясы екі сипаттамаға – бағыт пен белгісіздікке негізделген модельді ұсынды [26]. Мемлекеттік сектордағы инновациялар белгісіздіктің әр түрлі деңгейлерінде туындайды, өйткені әр түрлі контексттер әр түрлі стратегияларды, жұмыс әдістерін және басқа салаларға таралу мен ену типтерін талап етеді.

Осы екі фактордың негізінде төрт аспектіні бөліп көрсетуге болады:

1. Жетілдіруге бағытталған инновациялар (Enhancement-oriented innovation) практиканы жаңғыртуға, тиімділік пен үздік нәтижелерге қол жеткізуге шоғырланады және қолданыстағы құрылымдарды негізге алады. Бұл жағдайда инновацияларды бағалау тиімділік пен нәтижелілікке шоғырланған, бағалаудың дәстүрлі тәсілдері де қолданылуы мүмкін.

2. Миссияға бағдарланған инновациялар (Mission-oriented innovation) нақты нәтижені немесе жан-жақты толық мақсатты білдіреді. Оған қол жеткізудің нақты тәсілдері белгісіз болған күнде де, нақты бағыты бар. Миссияға бағдарланған инновацияларды бағалау жүйелік перспективаны ескеруге тиіс және «шығындар - шығарылым» желілік құралдарына сүйене алмайды.

3. Бейімделген инновация (Adaptive innovation) кезінде жаңа мағлұматтар немесе сыртқы ортаның өзгеруі арқылы туындайтын ашылу процесінің өзі мақсаты болуы мүмкін. Инновацияларды (жаңа технологияны, бизнес-модельді немесе практиканы) енгізу салдарынан қоршаған орта өзгерген кезде, өзгерістерге бейімделуге көмектесетін инновациялар арқылы жаңа талаптарға жауап беру қажеттілігі туындауы мүмкін. Бейімделген инновацияларға бағалау жүргізу өте қиын, өйткені экономика саласында кез келген инновацияны әзірлеу – бұл көптеген түрлі факторлар кездесетін белгісіз процесі. Инновациялардың бұл түрін инновациялардың өздері арқылы емес, олардың енгізілуіне және қызметіне ықпал ететін факторлар арқылы бағалаған дұрыс.

4. Күтілетін инновацияларға (Anticipatory innovation) болашақ басымдықтар мен міндеттемелерді анықтай алатын, туындайтын мәселелерді зерттеу мен оларды шешу кіреді. Олар қазіргі парадигмаларды бұзуы мүмкін. Жаңа идеялардың қолданылып жүрген есептіліктің құрылымдарымен және жұмыс барысымен үйлесуі сирек кездеседі. Инновациялық қызметтің бұл түрі – айтарлықтай белгісіз және болашаққа бағдарланған (опциондар теориясы), сондықтан оны бағалаудың базалық әдістері мен тәсілдерін қолдану қажет. Бұл сондай-ақ қазіргі жүйемен кері байланыстың объективті бағалауды қамтамасыз ету үшін белгілі бір дәрежеде еленбеуі тиіс екенін білдіруі мүмкін.

Екі сипаттама - бағыт және белгісіздік негізіндегі инновация түрлері



Әрбір аспектінің өзіндік ерекшеліктері ОБЦВ жаңа сын-қатерлерге бейімделу құралы болып табылатын ОБЦВ-ның жобаларын бейімделу инновациясына жатқызуға мүмкіндік береді. Бағалаудың жаңа тәсілдерін қолданған жөн.

Инновацияларды бағалауға арналған құралдар, әдістер мен тәсілдер (Модельде қолданылатындары боялған)

Тиімділікті және нәтижелерді бағалау

Әсерді бағалау Нәтижелер картасын жасау Салымды талдау **Тәжірибеден алынған мысалдар** Бағалау парақтары **Қоғамдық құндылықтар картасын жасау** **сапалы салыстырмалы талдау** **Бенчмаркинг** **Сараптамалық бағалар**	**Экономикалық бағалау** **Шығындар мен пайданы талдау** Залалсыздықты талдау Инвестициялардың әлеуметтік рентабельділігі (SROI) Актуарлық бағалау	**Эксперимент схемасы** РКИ **Прототиптер, пилоттар** Квазиэксперменттік әдістер Уақыт қатарлардың үзік конструкциялары Регрессияның үзіліс дизайны	Аудиттер	Логикалық модельдеу	Теориялық тәсілдер

Бірлесіп және пайдаланушыға бағдарланған бағалау

- Барлық тараптарды бірлесіп бағалау
- Ең елеулі өзгеріс

Жоба ішінде

- **Мониторинг**
- Оқытудың күн тәртібі
- Жылдам эксперименттеу
- **Жоспарлаудың бейімделген әдістері**

Бағалаудың автоматтандырылған/цифрлық құралдары

- Үлкен деректер және мәтіндік майнинг
- Ақпарат панельдері және деректерді көзбен шолу
- Азаматтық сарапшылар және P2P дәлелдемелер

Болашаққа бағдарланған бағалау құралдары

- **тәуекелді талдау**
- **стратегиялық бағалау**
- **болжамдық бағалау**
- **аумақты сканерлеу**

Жүйелі шолулар және мета-бағалау

Бағалаудың жүйелі бағдарланған тәсілдері

Триангуляция және аралас әдістер

Өзгермелі мәнмәтіндегі инновацияларды бағалау

Инновацияларды бағалау үздіксіз процесі болуы тиіс, себебі мақсаттар мен тәсілдер өзгерістерге ұшырайды және тұрақты ретроспективаға негізделген практика инноваторларды оқыту үшін алдын ала анықталған критерийлерге қарағанда көбірек пайда әкелуі мүмкін. Эволюциялық перспективада барлық субъектілер (оның ішінде саясатты әзірлеушілер де, инноваторлар да) өткен тәжірибеден сабақ алады және уақыт өте келе оқу нәтижесінде пайда болатын мінез-құлықтағы өзгерістер себеп-салдарлық байланыстарды бағалау әрекеттерін қиындатуы мүмкін [28].

Бірінші кезекте инновацияларды қайта бағалау белгісіздікпен, тәуекелмен және сәтсіз нәтижелердің мүмкіндігімен байланысты. Бұл жерде тәуекелдің белгісіздікке тең еместігін түсіну маңызды. Соңғысы азайтуға келеді, бірақ оны тәуекел сияқты бағалау және есептеу мүмкін емес. Демек, әсер тек жаңа әдістер мен тәсілдерді қолданғанда ғана айқын болады. Сондықтан сәтсіз жобаларға уақыт пен ресурстарды жұмсамау үшін «сәтсіздікке ұшырауға тым үлкен» (too big to fail) болмауы үшін мемлекеттік сектордағы жобаларды тұрақты бағалау қажет.

Алайда мұндай талдауды жүргізу өте қиын, өйткені инновациялық практика өзін көрсетуі және талап етілетін ықпалы өтуі үшін уақыт қажет болуы мүмкін. Бұл кері байланыс пен оқыту уақытылы өтуі үшін бағалау инновациялардың өмірлік циклының барлық кезеңдерінде жүргізілуі тиіс дегенді білдіреді. Осыған байланысты ОБЦВ-ның жобаларын зерттеу кезеңінде кезең-кезеңмен итеративті оқытуды қарастыру қажет [29].

Уақыттағы белгісіздік – болашақтағы нәтижелер

ОБЦВ-ның толыққанды әлеуетін болашақта ғана бағалауға болады. Зерттеу кезеңінде уақыт шегінің белгісіздігі стандартты әдістерді қолдануды қиындатады, яғни нәтижелерді қайта бағалауға итеративті тәсіл талап етіледі.

Бағаланатын қатысулар бағалау процесінің өзі сияқты тұрақты өзгерістерге және белгісіз салдарға ұшырайды, сондықтан статикалық бағалау өте серпінді және белгісіз жағдайда жұмыс істемейді [27]. Инновациялар туралы сөз болғанда тұрақты өзгерістер бағалауда бейімделгіш түрде ескерілуі тиіс. Құралдар уақыт пен кеңістікте қатты өзгеруі мүмкін, «не жұмыс істейді» деген ұтымды мета-бағалау әрекеттері ең қарапайым әрекеттерден басқа барлық қатысулар үшін мәнін жоғалтады. Compendium инновациялық саясаты бойынша, нақты деректерге манчестерлік шолу инновациялық саясатты бағалаудың зерделенген құралдарының қандай да бір класы түрлі уақыт кезеңдері мен жергілікті жерлерде бірдей тиімді жұмыс істейтіндігіне нақты дәлел таппады. Uyarra және Ramlogan қандай да бір саясатты енгізу нәтижелерінде айтарлықтай айырмашылықтар тапты, олар тек мақсаттар мен іске асырудағы айырмашылықтармен ғана емес, сол сияқты осы тақырыпқа тән институционалдық конфигурациялар мен тәуелділіктерге де байланысты.

Экономикалық талдауда адамдардың қалауларын бағалаудың күрделілігі

ОБЦВ жағдайында зерттеу кезеңінде тұтынушылардың қалауларымен айқындалатын инновациялық қызметтер мен өнімдерге әлеуетті сұранысты айқындау қиын. Тұтынушылар мен мемлекеттің ұзақ уақыт бойы қандай да бір инновациялармен өзара іс-қимылы туралы неғұрлым терең білу қажет. Экономикалық агенттердің уәждері мен іс-қимылдарын түсіну «нарративті тәсілді» талап етеді, ол әрекет ететін адамдарды бақылайды және оқиғалардың жүйелігін шарасыздық деп қарамай, нақты уақыттағы процестерді зерделейді [27].

Инновация типін анықтау

Инновацияларды зерттеу санының өсуіне қарамастан, жалпы мұндай қызмет бір типті қызмет ретінде қарастырылады. Дегенмен, көптеген зерттеулер инновациялардың әр түрлі өлшем типтерін бөлу жаңа практикаларды енгізумен айналысатын ұйымдардың әрекетін түсіну үшін қажет, өйткені олардың әр түрлі сипаттамалары мен ұйымдастырушылық реакциялары бар. Мысалы, олардың динамикалық дамуына және желілік дамымауына байланысты интуитивті түсіну үшін қиындық туғызатын «күрделі инновациялар» бар. Бұл оларға инновацияның басқа түрлерінен ерекшелейтін бірегей қасиеттер береді. Басқа зерттеушілер инновациялардың радикалды немесе инкрементaлды дихотомиясын қолданады: радикалды инновациялар (оларға ОБЦВ-ларды жатқызуға болады) нарық табиғатын түбегейлі өзгертеді, бұл ретте оларды енгізу нәтижелерін болжау өте қиын [27].

Бастаманың нәтижелері себептілікті бағалау әрекетінен әлдеқайда жақсы

Қиын жағдайларда қандай да бір жобалардың табыстылығының себептерін анықтау процесі өте мәселелі болуы және жаңылыстыруы мүмкін [28]. Оның үстіне, күрделі жүйелер туралы ғылым (complexity science) бағаланатын жағдайлардың әрқашан желілі емес екендігін және кері байланыстың көптеген тізбектерін қамтитынын көрсетеді. Дегенмен, инновациялық жобаларды бағалау жөніндегі мамандар әлі де қоғам мен инновациялардың өзара іс-қимылын бақылаумен, сондай-ақ зерттеулердің осындай өзара іс-қимылдарға тікелей әсерін мониторингтеумен айналысады. Осылайша, көбінесе жобаларды бағалау тым шектеулі болып қалады және ол, мәселен, жалпы ұйым есебінен қосалқы жүйені жақсарту сияқты субоптимизацияға әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайларда эксперименттік бағалау – пилоттық жобалар немесе прототиптер – себеп-салдарлық байланыстың барлық ықтимал және барынша толық индикативтік көрсеткіштерін береді [28].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

[1] Central Bank Digital Currency tracker, Atlantic Council, June 2022. [Online]. Available: https://www.atlanticcouncil.org/cbdctracker/. [Accessed: 04-Jun-2022].

[2] C. Boar, A. Wehrli & Bank for International Settlements. Ready, steady, go? Results of the third BIS survey on central bank digital currency, BIS Working Papers, no. 114. January 2021. [Online]. Available: https://www.bis.org/publ/bppdf/bispap114.pdf. [Accessed: 04-Jun-2022].

[3] DESIGN PAPER FOR THE eNAIRA, Central Bank of Nigeria, n.d. [Online]. Available: https://www.atlanticcouncil.org/cbdctracker/. [Accessed: 04-Jun-2022].

[4] U. J. Ifeanyi, CBN says Enaira has completed N188 million worth of transactions, Nairametrics, December 2021. [Online]. Available: https://nairametrics.com/2021/12/12/cbn-says-enaira-has-completed%E2%80%AFn188-million-worth-of-transactions/. [Accessed: 04-Jun-2022].

[5] PROJECT SAND DOLLAR: A Bahamas Payments System Modernisation Initiative, Central Bank of the Bahamas, December 2019. [Online]. Available: https://www.centralbankbahamas.com/viewPDF/documents/2019-12-25-02-18-11-Project-Sanddollar.pdf/. [Accessed: 04-Jun-2022].

[6] Riksbank, Read about the Riksbank's e-krona Project, The e-krona – state money in digital form | Sveriges Riksbank. [Online]. Available: https://www.riksbank.se/en-gb/payments--cash/e-krona/. [Accessed: 04-Jun-2022].

[7] T. Benzmiller, China's progress towards a central bank digital currency, China's Progress Towards a Central Bank Digital Currency | Center for Strategic and International Studies, May 2022. [Online]. Available: https://www.csis.org/blogs/new-perspectives-asia/chinas-progress-towards-central-bank-digital-currency. [Accessed: 06-Jun-2022].

[8] J. Li, Predicting the demand for Central Bank Digital Currency: A structural analysis with survey data, Bank of Canada, December 2021. [Online]. Available: https://www.bankofcanada.ca/2021/12/staff-working-paper-2021-65/. [Accessed: 06-Jun-2022].

[9] K. Huynh, J. Molnar, O. Shcherbakov, and Q. Yu, Demand for payment services and Consumer Welfare: The introduction of a Central Bank Digital Currency, Bank of Canada, March 2020. [Online]. Available: https://www.bankofcanada.ca/2020/03/staff-working-paper-2020-7/. [Accessed: 06-Jun-2022].

[10] M. Bijlsma, C. van der Cruijsen, N. Jonker, and J. Reijerink, What triggers consumer adoption of Central Bank Digital Currency?, SSRN Electronic Journal, April 2021.

[11]. V. Grishchenko, A. Ponomarenko, and S. Seleznev, Projecting household demand for CBDC in Russia, CBR official site, April 2022. [Online]. Available: https://www.cbr.ru/Content/Document/File/135940/press_20042022_2.pdf. [Accessed: 06-Jun-2022].

[12] G. Soderberg et al. Behind the Scenes of Central Bank Digital Currency: Emerging Trends, Insights, and Policy Lessons, FinTech Notes, no.004, issue A001. January 2022. [Online]. Available: https://www.elibrary.imf.org/view/journals/063/2022/004/article-A001-en.xml [Accessed: 04-Jun-2022].

[13] ECCB, Largest Indigenous Bank in the ECCU joins dcash pilot: Eastern Caribbean Central Bank, Largest Indigenous Bank in the ECCU Joins DCash Pilot | Eastern Caribbean Central Bank, n.d. [Online]. Available: https://www.eccb-centralbank.org/news/view/largest-indigenous-bank-in-the-eccu-joins-dcash-pilot. [Accessed: 06-Jun-2022].

[14] E. J. Fullerton and P. J. Morgan, The People's Republic of China's Digital Yuan: Its environment, design, and implications, Asian Development Bank, February 2022. [Online]. Available: https://www.adb.org/publications/the-peoples-republic-of-chinas-digital-yuan-its-environment-design-and-implications. [Accessed: 14-Jun-2022].

[15] Bank of Russia, A digital ruble, A Digital Ruble | Bank of Russia, October 2020. [Online]. Available: https://www.cbr.ru/eng/analytics/d_ok/dig_ruble/. [Accessed: 14-Jun-2022].

[16] A. Kiselev, Есть ли будущее у цифровых валют центральных банков?, (in Russian), Bank of Russia, April 2019. [Online]. Available: https://www.cbr.ru/Content/Document/File/71328/analytic_note_190418_dip.pdf. [Accessed: 14-Jun-2022].

[17] Bank of Russia, Концепция цифрового рубля, (in Russian), A Digital Ruble | Bank of Russia, April 2021. [Online]. Available: https://cbr.ru/Content/Document/File/120075/concept_08042021.pdf/. [Accessed: 14-Jun-2022].

[18] Bank of Russia, Цифровой рубль: старт тестирования, (in Russian), Цифровой рубль: старт тестирования | Банк России, February 2022. [Online]. Available: https://www.cbr.ru/press/event/?id=12685. [Accessed: 14-Jun-2022].

[19] J. Kiff, J. Alwazir, S. Davidovic, A. Farias, A. Khan, T. Khiaonarong, M. Malaika, H. Monroe, N. Sugimoto, H. Tourpe, and Z. Zhou, A survey of research on Retail Central Bank Digital Currency, SSRN Electronic Journal, June 2020.

[20] WEF, Central Bank Digital Currency Policy-Maker Toolkit, World Economic Forum Official Site, January 2020. [Online]. Available: https://www.weforum.org/whitepapers/central-bank-digital-currency-policy-maker-toolkit. [Accessed: 06-Jun-2022].

[21] Oliver Wyman Forum and AWS, Retail Central Bank Digital Currency: From vision to design, Celent, March 2022. [Online]. Available: https://www.celent.com/insights/889504242. [Accessed: 06-Jun-2022].

[22] Tribe Accelerator, Global CBDC Challenge Problem Statements - Tribe, Tribe Accelerator Official Site, June 2021. [Online]. Available: https://tribex.co/wp-content/uploads/2021/06/Global_CBDC_Challenge_Problem_Statements.pdf. [Accessed: 06-Jun-2022].

[23] WEF, CBDC technology considerations - world economic forum, WEF Official Site, November 2021. [Online]. Available: https://www3.weforum.org/docs/WEF_CBDC_Technology_Considerations_2021.pdf. [Accessed: 06-Jun-2022].

[24] BIS, Central Bank Digital Currencies, BIS, Sep-2021. [Online]. Available: https://www.bis.org/publ/othp42_fin_stab.pdf. [Accessed: 15-Jun-2022].

[25] BIS, Central Bank Digital Currencies, BIS Official Site, September 2021. [Online]. Available: https://www.bis.org/publ/othp42_user_needs.pdf. [Accessed: 06-Jun-2022].

[26] Observatory of Public Sector Innovation, Evaluating public sector innovation: Support or hindrance to innovation? (Innovation Lifecycle 5A/6), Observatory of Public Sector Innovation, April 2022. [Online]. Available: https://oecd-opsi.org/publications/lifecycle-5a/. [Accessed: 06-Jun-2022].

[27] A. Arauz, R. Garratt, Diego F. Ramos F., Dinero Electrónico: The rise and fall of Ecuador's central bank digital currency, Latin American Journal of Central Banking, vol. 2, issue 2, June 2021. [Online]. Available: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2666143821000107#fig0001 [Accessed: 06-Jun-2022].

[28] J. de Haan, How emergence arises, Ecological Complexity, vol. 3, no. 4, pp. 293–301, December 2006.

[29] РГУ НБРК, Программа развития национальной платежной системы в Республике Казахстан до 2025 года, 2020 г.

[30] Agur, I., A. Ari, D. Giovanni. (2022). Designing central bank digital currencies. Journal of Monetary Economics. Vol. 125:62-79.

[31] Andolfatto, D. (2018). Assessing the impact of central bank digital currency on private banks. Federal Reserve Bank of St. Louis Working Papers, No. 2018-25.

[32] Bindseil, U. (2019). Tiered CBDC and the financial system. ECB Working Paper, No. 2351.

[33] Chiu, J., M. Davoodalhosseini, J. H. Jiang, and Y. Zhu. (2019). Central bank digital currency and banking. Bank of Canada Staff Working Papers, No. 19-20.

[34] Kim, Y. S. and O. Kwon. (2022). Central bank digital currency, credit supply, and financial stability. Journal of Money, Credit and Banking. Vol. 00.

[35] Kumhof, M. and C. Noone. (2021). Central bank digital currencies – Design principles for financial stability. Economic Analysis and Policy. Vol. 71, pp. 553-572.